

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы балабақша	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Жұлдыз»тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4-5 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Әбдіғазиева Айгерім				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	12.09-16.09.2022ж.				
Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тәртібі	12.09.2022	13.09.2022	14.09.2022	15.09.2022	16.09.2022
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау.				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Егерде бала ауырған болса, оның келмеуінің себебін ата-анасының балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігі туралы түсіндіру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету.	Сабақ уақытында оқу құралдарын тарату, орындарына жинау, тамақ ішер кезде, тәрелкелер мен қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу сияқты жұмыстарға үйрету. "Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз". Мақсаты: тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету.	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсаты: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. Ниетін тәрбиелеу еңбек етуге, ересектерге көмектесу.	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп» (тәрбиешінің көмекшісімен бірге). Мақсаты: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету.	"Орындықтарды жуу". Мақсаты: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза және таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге

					тәрбиелеу.
	Үстел үсті ойыны «Мозаика: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Жабайы жидектер". Мақсаты: тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету. "Қарақаттан не жасайды?" жаттығу.	Дидактикалық ойын «Түстері бойынша бөл». Өз еріктерімен суреттерді бояу. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу. "Ормандағы оқиға". Мақсаты: балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру. Дидактикалық ойын: "Қандай ағаш екенін тап!".	«Мозаика» Мақсаты: Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Мақсаты: тілдерін дамыту. Мүсіндеуден ойын-жаттығу. "Сұр қоян". Мақсаты: балаларды бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуге үйрету.	Дидактикалық ойын. «Кімнің дауысы?» Балаларды өз еріктерімен ойнату. Геометриялық фигураларды бекіту.
Таңертенгі жаттығу	1. Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, қол бел тұсында 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "міне" дейді 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшак, дене тік, қол көкірек тұсында 2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "міне " дейді 3. Бастапқы қалып жерге отырып, аяқтарын алшак қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет				

	қайталанады). 3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "міне" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады).				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ойын жаттығуы: "Сабын қолғаптары". Мақсаты: баланы қолдарын сыртқы және ішкі жағынан сабындауға үйрету. Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу.	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да , аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын! Жанды табиғат туралы әңгімелесу.	Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын кең аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз. Жансыз табиғат туралы әңгімелесу.	Қайырлы таң, ашық аспан! Қайырлы таң, кең далам! Қайырлы таң, күннің нұры! Қайырлы таң, балабақшам Бәрі бірге айтады. Күз мезгілінің алғашқы айындағы ерекшеліктері, табиғат жайлы әңгімелесу.	Достар бері, келіндер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге Қуанышпен еніңдер. (Г.Абдрахманов) Шеңберде қол ұстасып тұрып өлең жолдарын бірге айтады. Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу.

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. "Қатарда жүру түрлері". Мақсаты: балаларда бір-бірден қатарға тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; орындықта көлденеңінен еңбектеуге үйрету. "Түрлі таспаларды әкелеміз" қимылды ойыны.	Музыка "Жау,жау жаңбыр" Мақсаты. Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету, жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру. Дидактикалық ойын "Жаңбыр".	Дене шынықтыру "Бір орнынан биікке секіру". Мақсаты: балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.	Музыка "Жаңбыр". Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету. Дидактикалық ойын: "Көңілді ноталар".	Дене шынықтыру "Шынықсаң - шымыр болсаң ". Мақсаты: балаларды құрсауларды домалатуға үйрету. "Көңілді еңбекте" қимылды ойыны.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				
Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен кюиге, барлық түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету. Бақшадағы	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен кюиге, түймелерің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету. Гүлдерді бақылау. (георгин, астра,	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен кюиге, түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету. Түскен жапырақтарды	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен кюиге, түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету. Шалшық суды бақылау.	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен кюиге, түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету. Аула сыпырушының

көкөністерді бақылау. (қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ) Тақпақ. Көгөністі көп ектік, Өссін, піссін деп ектік, Көктемде еккен көкөніс, Күзде берді көп өнім. Бақылау: көкөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағамға қолданылуы, құрамындағы дәрумені; күзде көкөністерді жинау; көкөністердің пісіп-жетілуіне мән беру; топырақ салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйрету.	календула) Жұмбақ Құлпырса қадірлейді, аялайды, Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл) Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердің сұлулығына қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар». Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға	бақылау. Жұмбақ Ағайынды бәрі, Шықса жасыл, Түссе сары. (Жапырақ) Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу. Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру. Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды. Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт».	Көркем сөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Бақылау: балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың тез сіңіп, ал күзде, салқын түскенде ақырын сіңіп кететініне мән бергізу. Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсаты: кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбіреулерінің су бетінде қалқып	жұмысын бақылау. Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір. Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). Ойын ережесін
--	--	---	--	---

	Қимылды ойын: «Бақшашылар». Бақшаны топтасып жинауға балаларды ұйымдастыру. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру. Еңбек: бақшадағы жұмыс, көкөністерді жинау. Бақшадағы көкөністерді жинап, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау. Өз бетімен ойындар: «Көкөністер дүкені». Көкөністер мен жеміс-жидектерді құмнан мүсіндеу. Берілген ойын тақырыбында	тәрбиелеу. Еңбек: бақшада жұмыс (жер қазу). Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. «Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу». Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс жасауына көмектесу. Сөздік қорын дамыту.	Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту). Ойындарға белсенді қатысуын талап ету. Еңбек: түскен жапырақтарды жинау. Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету. Балалардың бірігіп жұмыс істеуін қадағалау. Өз бетімен ойындар: «Жапырақты кілем». Балалардың бірлескен ойынының келісімді болуын қадағалау, бақылау.	жүретінін бақылау. Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру». Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. Еңбек: балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету. Өз бетімен ойындар: гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ т.б.). Балалардың қосалқы ойындарға деген қызығушылықтарын дамытып, достық қарым-қатынаста	сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту. Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу. Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: доппен ойын. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Олардың ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу.
--	--	---	---	--	--

	шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мадақтау; ойынға деген қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту.			ойнауға қадағалау.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	«Құйыршық» ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Менің мекенім тақырыбына	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Арқасын жиырған мысық". Мақсаты: балаларды	Вариативті компонент. Құрастыру "Мен және менің отбасым".	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Санауды үйренемін. Тәулік бөліктері".	Құрастырудан ойын-жаттығу. "Ханзада бақа". Мақсаты: балаларды ағайынды Гриммдер

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	әңгімелесу". Мақсаты: балалардың мекежай туралы ұғымдарын қалыптастыру; Қазақстандағы ауыл мен қала елдімекендер мен табиғаттың ерекшеліктері жөнінде жалпы ұғымдар беру. Миға сыймас логикалық жаттығу. "Қатені тап" ойыны. Дидактикалық ойын «Көрші-көрші». Үстел ойындары: лото, домино.	бормен арқасын жиырған мысық бейнесін салу амалдарына үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру. Ойын-жаттығу. "Бірдей мысықты тап". Дидактикалық ойын «Тап та, атын ата». Мақсаты: түсті қабылдауын және ұсақ саусақ моторикасын дамыту.	Мақсаты: балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бұру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру іскерліктерін жетілдіру. Дидактикалық ойын: "Отбасы ағашы". «Пішінді құрастыр». Ойын мақсаты: түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау,	Мақсаты: балалардың тәулік бөліктері жөнінде, "таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру. Дамытушы жаттығу. "Тәуліктің бөлігін тап". «Суреттер құрастыру». Мақсаты: балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын	"Бақа ханзада" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруға үйрету. «Жұбын тап». Мақсаты: геометриялық пішіндерді қайталау, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер. Ойын барысы: балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады.
---	--	--	---	--	---

			көру, ажырату қабілеттерін дамыту. Ойын шарты: балалардың алдына әртүрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек.	арттыру.	
Балалармен жеке жұмыс	«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны. Мақсаты: сөйлеу тілін дамыту.	Дидактикалық ойындар "Геометриялық пішіндер". Мақсаты: балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. Көрнекілік: геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы. Барысы: балалар геометриялық	Дидактикалық ойын "Жұмбақ сан". Мақсаттары: балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу. Сипаттама: мысалы,	Театрды сахналау. "Қасқыр және жеті лақ" ертегі желісін саусақ театры арқылы сахналау.	Геометриялық фигуралар Геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру.

		үшбұрыш, шаршы, дөңгелек тәріздес пішіндерді пайдаланады. Педагог тапсырма береді, балалар оны жеке орындайды. 1-тапсырма. Дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойыңдар. Педагог үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді. 2-тапсырма. Мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар. Педагог бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді. 3-тапсырма. Дәл осындай пішінді	үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан оны болжауды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал мұғалім аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін сіз баламен рөлдерді өзгерте аласыз.		
--	--	--	--	--	--

		көрсетіндер. Педагог дөңгелекті көрсетеді. Ойын соңында қорытынды шығарылады, зеректік танытқан баланы педагог мақтайды. Ойынның барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді.			
Серуенге дайындық	Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету.				
Серуен	Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Жанды және жансыз табиғат" тақырыбында жеке әңгімелесулер.				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.				

қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Музыкалық аспаптармен ойындар. Еркін ойындар. Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру. Теартлық қойылымдар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: «Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».	«Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.	«Менің достарым» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Балабақша ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу.	Ата-аналардан сауалнама алу.

Әдіскер: А.А.Сулейменова